

арқылы қарапайым кәсіби дағдыларды қалыптастыруға, еңбек нарығына бейімделуге және әлеуметтік тәуелділікті төмендетуге мүмкіндік береді [6, 103 б.].

Сонымен қатар, алынған нәтижелер әлеуметтік жұмыс мамандарын даярлау жүйесінде оқу-әдістемелік құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін. Бұл болашақ мамандардың еңбек терапиясын кәсіби қызметінде тиімді қолдануына негіз болады. Зерттеу жұмысының идеялық сонылығы еңбек терапиясын ерекше күтімді қажет ететін азаматтарды әлеуметтік оңалтудың қосалқы құралы ретінде емес, дербес және кешенді технологиясы ретінде қарастыруында жатыр. Еңбек терапиясын әлеуметтік жұмысмен біріктіру әлеуметтік қызметкердің кәсіби функциясын дамытады. Әлеуметтік қызметкер бұл жағдайда тек бақылаушы емес, еңбекке бейімдеу үдерісін ұйымдастырушы және тұлға мен қоғам арасындағы байланысты қамтамасыз етуші ретінде әрекет етеді [7, 134 б.]. Еңбек терапиясын заманауи еңбек нарығы талаптарымен, соның ішінде қашықтан жұмыс істеу мүмкіндіктерімен байланыстыра қарастыру ерекше күтімді қажет ететін азаматтардың әлеуметтік-экономикалық дербестігін арттырудың тиімді жолы болып табылады. Бұл тәсіл әлеуметтік жұмыста инновациялық бағыт ретінде бағалануы мүмкін [8, 72 б.].

Қорытындылай келе, жүргізілген талдау ерекше күтімді қажет ететін азаматтарды әлеуметтік оңалтуда еңбек терапиясының маңызды әрі тиімді технология екендігін көрсетеді. Еңбек терапиясы тек күнделікті өмір дағдыларын қалыптастыру құралы ғана емес, тұлғаның әлеуметтік белсенділігін арттыратын, оның қоғамдағы рөлін қайта айқындайтын кешенді оңалту тетігі болып табылады.

Біздің пайымдауымызша, еңбек терапиясының басты артықшылығы – ерекше күтімді қажет ететін азаматты әлеуметтік көмектің пассивті нысаны ретінде емес, өз әлеуетін іске асыра алатын белсенді тұлға ретінде қарастыруында. Еңбек қызметіне қатысу адамның өзін-өзі бағалауына оң әсер етіп, әлеуметтік оқшаулануды төмендетуге және қоғаммен өзара байланысты нығайтуға мүмкіндік береді. Қазақстандағы әлеуметтік оңалту жүйесінде еңбек терапиясын дамыту және оны әлеуметтік жұмыс практикасына кеңінен енгізу – инклюзивті қоғам қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі. Бұл бағытта әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби рөлін күшейту, материалдық-техникалық базаны жетілдіру және еңбекке бейімдеу бағдарламаларын жүйелі түрде жүзеге асыру қажет. Сонымен қатар, біздің пайымдауымызша, еңбек терапиясын заманауи еңбек нарығы талаптарымен, соның ішінде қашықтан жұмыс істеу мүмкіндіктерімен ұштастыру ерекше күтімді қажет ететін азаматтардың әлеуметтік-экономикалық дербестігін арттыруға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде олардың өмір сапасын жақсартуға және қоғамдағы әлеуметтік теңдікті қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Осылайша, еңбек терапиясын әлеуметтік оңалтудың басым бағыты ретінде дамыту әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттырып, ерекше күтімді қажет ететін азаматтардың қоғамға толыққанды кірігуіне мүмкіндік береді деп тұжырымдауға болады.

Әдебиет:

1. Смирнова Н.В. Социальная реабилитация инвалидов. – М.: Академия, 2016. – 256 с.
2. Климова Е.А. Эрготерапия в системе социальной работы. – СПб.: Питер, 2018. – 192 с.
3. World Health Organization. World Report on Disability. – Geneva: WHO Press, 2023. – 350 p.
4. Әбдірайымова Г.С. Әлеуметтік жұмыс. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 180 б.
5. Иванов В.П. Социальная адаптация лиц с ограниченными возможностями здоровья. – М.: Наука, 2017. – 210 с.
6. Абдрашева Б.Ж. Әлеуметтік жұмыс негіздері. – Қарағанды: Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, 2015. – 145 б.
7. Сидорова Л.К. Социальная работа: теория и практика. – М.: Инфра-М, 2020. – 280 с.
8. Жанұзақова А.М. Инклюзивті әлеуметтік саясаттың негіздері. – Алматы: Эверо, 2022. – 160 б.

Тажмуханова А.Б., Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты
(Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. Бекмашева А.Н.)

5 - СЫНЫПТА АНТОНИМ ЖӘНЕ СИНОНИМ СӨЗДЕРДІ МЕНГЕРТУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР

Қазақ тілін оқытуда сөз мағынасы тақырыбы маңызды орын алады. Соның ішінде антоним және синоним сөздерді менгерту 5-сынып оқушыларының сөздік қорын байытып, тілдік дағдыларын қалыптастыруға бағытталады. Бұл жастағы оқушылардың танымдық ерекшеліктерін ескере отырып, антоним мен синонимді жүйелі әрі қызықты тәсілдер арқылы оқыту, соның ішінде инновациялық технологияларды қолдану – мұғалімнің шеберлігі және басты міндеттерінің бірі.

Қазіргі білім берудің мақсаты – баланы жалаң ереже жаттауға емес, алған білімін өмірде қолдануға үйрету. Бұл білім мазмұнындағы түбегейлі өзгеріспен тікелей байланысты. «Өзгеше оқулықтар» мен цифрлық платформаларды сабаққа кіріктіру арқылы біз оқушының тілге деген сүйіспеншілігін оятып, функционалды сауаттылығын арттыра аламыз. Өйткені, функционалдық сауаттылықты арттыру білім беруде маңызды болып табылады.

5-сынып оқушыларының жас ерекшелігін ескере отырып, антоним мен синонимдерді тек жаттау арқылы емес, инновациялық, ойын және цифрлық технологиялар негізінде менгерту анағұрлым нәтижелі

болып табылады. Бұл жастағы оқушылар визуалды ақпаратты тез қабылдайды, белсенді әрекетке бейім келеді және тәжірибелік жұмыстар арқылы білімді тиімді игереді. Қазіргі «альфа» ұрпағы үшін гаджеттермен жұмыс істеу — үйреншікті әрі қызықты әрекет, сондықтан оқыту үдерісінде цифрлық ресурстарды пайдалану олардың оқу мотивациясын арттырады.

Антоним және синоним сөздерді жүйелі түрде оқыту сөздік қордың жұтаңдануының алдын алудың тиімді жолы болып саналады. Цифрлық технологиялар кең таралған қазіргі қоғамда оқушылар қысқа, қарапайым сөздермен шектеліп, өз ойын толық жеткізуде қиындыққа жиі ұшырайды. Сондықтан мағыналас және қарама-қарсы мағыналы сөздерді мақсатты түрде меңгерту олардың ауызша және жазбаша сөйлеуін дамытуға, ойды дәл әрі көркем жеткізуіне мүмкіндік береді.

5-сыныпта антонимдерді түсіндіру көбіне салыстыру және қарама-қарсы қою әдістері арқылы жүзеге асырылады. Бұл тәсіл оқушының ұғымды нақты қабылдауына жағдай жасайды. Оқушылар сөздердің мағынасын тек ережеден емес, нақты мысалдар, жағдаяттар, суреттер, ойын тапсырмалары арқылы түсінеді. Ал синонимдерді меңгеруде мәтінмен жұмыс, рөлдік ойындар, сөйлемді түрлендіру, сөйлеу жағдаяттарын модельдеу сияқты әдістер тиімді нәтиже береді.

Сонымен қатар оқытуда цифрлық платформалар, интерактивті тапсырмалар, онлайн-ойындар, сөздік қосымшалар, «сөз бұлтты», викториналар, сәйкестендіру жаттығулары қолданылса, оқушылардың қызығушылығы артып, білімді берік меңгеруі қамтамасыз етіледі. Ойын элементтері арқылы оқушы пассив қабылдаушы емес, оқу үдерісінің белсенді қатысушысына айналады. **Логикалық жұптар:** «Ақ-қара», «биік-аласа» сияқты қарапайым жұптардан «ерлік-қорқақтық», «жомарттық-сараңдық» сияқты абстрактілі ұғымдарға көшу.

- Сөз таптарының бірлігі: Антонимдердің міндетті түрде бір сөз табынан болатынын (мысалы: келу (етістік)-кету (етістік) ескеру.

- Мақал-мәтелдерді қолдану: Қазақ мақалдарының басым бөлігі антонимдерге құрылған («Жақсыдан шапағат, жаманнан кесепат»). Бұл оқушының дүниетанымын кеңейтеді.

Синоним сөздерді үйреткенде оқушылар көбіне «мағыналары бірдей сөздер» деген тар түсінікпен шектеледі. Ал мұғалімнің міндеті – олардың мағыналық реңктері мен қолдану аясын түсіндіру.

- Сөз таңдау шеберлігі: Оқушыға бір сөзде қайталай бермей, оның баламасын табуды үйрету. Мысалы: *әдемі-сұлу-көрікті-ажарлы*.

- Тілдік реңктер: «Бару» мен «жөнелу», «күлу» мен «ыржыңдау» арасындағы эмоционалды айырмашылықтарды көрсету.

- Тұрақты тіркестермен байланыс: Синонимдерді тек жеке сөз емес, фразеологизмдермен қатар беру. Мысалы: *Алыс – ит өлген жер*.

Бұл аталған әдіс-тәсілдерді инновациялық платформалар арқылы ұсыну сабақты тиімдірек етеді. «Wordwall» және «learningApps» платформалары синоним тақырыбын түсіндіруде нәтижелі болады. Мысалы; бұл платформалардың «Сәйкестендіру», «Анаграмма», «Миллионер» сияқты функциялары осыған дәлел болады. Ал «Quizizz» немесе «Kahoot» платформалары сабақ соңында антонимдер мен синонимдер бойынша жарыс түрінде тест өткізуге мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың бәсекелестік қабілеттерін арттырады. «QR» кодпен жұмыс. Сыныптың әр жерінде «QR» кодтар жасырылады. Оқушы кодты сканерлегенде бір сөз шығады, оқушы сол сөздің синонимін немесе антонимін тауып, дәптеріне жазады.

Бұл өзекті тақырыпты меңгеруде өзіміздің қолданып жүрген, білім беру трендтеріне негізделген бірнеше инновациялық тәсілдерді ұсынамын. «Сөздер метаморфозасы» (Трансформация әдісі) – бұл оқушылардың креативті ойлауын дамытады. Оқушыларға қысқаша мұңды немесе жағымсыз мәтін беріледі. (Мысалы; *Күн суық. Түнерген аспан. Ол бүгін көңілсіз көрінді*). **Тапсырма:** Барлық негізгі сөздерді антонимдермен алмастырып, мәтінді толықтай позитивті етіп өзгерту керек. (*Күн ыстық. Аспан ашық. Бүгін ол көңілді*). «Синонимдік саты» (The Synonym Staircase) - әдісі сөздердің мағыналық реңкін (градациясын) түсінуге көмектеседі. Тақтаға сатының суреті салынады. Ең төменгі баспалдаққа қарапайым сөз жазылады. (Мысалы: *күлу*) Сатымен жоғарылаған сайын сөздің мағыналық бояуы күшейе түсетін синонимдерді жазу керек. (*күлу-жымию-күлімсіреу-қарқылдау-ішек-сілесі қату*.) Бұл әдіс арқылы сөздердің стилистикалық айырмашылығын түсіндіреді. «Сөздік табыс» квесті – қозғалыс пен ізденісті біріктіретін белсенді әдіс. Сынып ішіне немесе мектеп дәлізіне жасырын карточкалар қойылады. Бір карточкада сөз жазылса, екіншісінде соның антонимі немесе синонимі жасырылады. Оқушылар топқа бөлініп, берілген уақыт ішінде өз сөздерінің сыңарларын тауып, жинауы керек. Ең көп жұп жинаған топ жеңіске жетеді. «Сықырлы көзілдірік» әдісі сабақ өткізуге арналған қосымша фишка. Мұғалім: - *Қазір мен антонимдік көзілдірікті киемін, сондықтан сендер не айтсаңдар да, мен керісінше естимін*, - дейді. Оқушы: *«Күн жылы»*. Мұғалім: *«Жоқ, күн суық»*. Бұл әдісті қолдану кезінде оқушылардың реакциясын байқауға болады.

Лексика бөліміндегі «Антонимдер» сын есім тақырыбында кейіпкерлердің мінез-құлқын салыстыру кезеңінде жиі қолданамын. Әсіресе, сабақ құрылымының бекіту немесе қайталау кезеңінде қолдану ұтымды шешім болып табылады. «Жақсы мен жаман» мәтінін талдау кезінде кейіпкерлерге антонимдік сипаттама береді. Оқушы сықырлы көзілдірікті киіп, мәтіндегі жағымсыз кейіпкердің іс-әрекетін жағымды қылып айтып беруі керек. «Сықырлы көзілдірік» әдісінің тиімділігін жан-жақты қарастыруға болады. Оқушы үшін психологиялық жеңілдік. Бала қателесуден қорықпайды, өйткені, бұл «сықырлы ойын». Оқушы антонимді санасында тез іздеп, жылдам жауап беруге дағдыланады. Көзілдірікті еңбекке баулу сабағында картоннан оқушылармен бірлесе жасап алып, қазақ тілінде пайдалансаңыз пәнаралық байланыс орнайды. Сонымен қатар

оқушының жадында атрибутпен жұмыс істеу жақсы сақталады. Сонымен қатар сиқырлы көзілдірікті үй тапсырмасында қолдануға да болады. Яғни «Менің сиқырлы әлемім» тақырыбында үйден 5 сөйлемнен тұратын шағын мәтін жазып келуді тапсырыңыз. Бірақ шарт бойынша, мәтіндегі барлық сын есімдер антоним болуы керек. Мысалы: *Менің мектебім кішкентай, ескі және көңілсіз. Іс жүзінде мектеп үлкен, жаңа, көңілді.* Келесі сабақта оқушылар «көзілдірік киіп», шындықты қалпына келтіреді.

Қазақ тіл білімі мен әдістемесінде 5-сынып оқушыларына синоним мен антонимді оқыту мәселесін зерттеген ғалымдар жоқ емес. Солардың бірі негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлы. Ол «Тіл құралы» еңбегінде синонимдерді «мағыналас сөздер» ретінде қарастырып, олардың тілді байытудағы, ойды дәл жеткізудегі рөлін көрсетті. Ал антонимдерді «қарсы мағыналы сөздер» ретінде қарастырып, зат пен құбылыстың екі жағын (жақсы/жаман, ақ/қара) салыстыру арқылы баланың логикалық ойлауын дамытуды көздеді [1, 348].

Ал, қазақ тілі лингвистикасын зерттеуші ғалым Шайхы Каримовтың зерттеулері өте жүйелі. Ол «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты еңбегінің «Лексика» бөлімінде антоним мен синонимдерді үйреткенде, олардың сөз таптарымен байланысын қатаң сақтауды талап етеді [2, 215]. Егер зат есім сөз берілсе, оның синонимі де зат есім болуы шарт. Бұл оқушының грамматикалық сауаттылығын қоса дамытады. Бұл ғалымдардың зерттеулері бүгінгі 5-сынып оқулықтарының теориялық базасын құрайды.

Қазіргі зерттеушілер синоним мен антонимді адамның ойлау концептісі ретінде қарастырады. Яғни, оқушы сөзді жаттамайды, сол сөздің артында тұрған «бейнені» таниды. Зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, 5-сынып оқушыларына антоним мен синонимді үйреткенде, олардың тек мағынасын ғана емес, сөйлеу контексіндегі қызметін түсіндіру – заманауи әдістеменің талабы.

Антоним және синоним сөздерді жоғарыда айтылған ерекшеліктер негізінде оқытса, осы ерекшеліктерді жеңіл әрі қызықты етіп түсіндіру үшін әр мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерге жүгінеді.

«Сөздер шеруі» әдісі арқылы берілген сөзге барынша көп синоним тауып, мағыналық реңкін ашу. «Қарама-қайшы» әдісі мәтіндегі барлық сөздерді антониммен алмастырып, күлкілі әрі жаңа мәтін құрау. Бұл оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырады. «Венн диаграммасы» әдісі арқылы екі сөздің ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыру. Бұл сөздердің мағыналарын ашуға тиімді әдіс. «Домино» ойыны бір жағында сөз, екінші жағында оның синонимі не антонимі жазылған карточкаларды тізу. Бұл әдіс көбіне оқушыларды шапшаңдыққа үйретеді. Бұл аталған әдістерді түрлі ойындармен де алмастыруға болады. Мысалы, синонимдерге арналған «Сөз тапқыш» ойыны.

5-сыныпта антоним мен синоним сөздерді оқытуда қиындықтар да кездеседі. Мысалы, кейбір оқушылар көпмағыналы сөздерді синонимдермен шатастырып жатады. Бұл аражікті нақты ажыратып алу қажет. Айта кетелік, 5-сыныпта бұл тақырыптарды мақал-мәтелдер мен жұмбақтар арқылы меңгерту ең тиімді жол болып табылады. Себебі, халық ауыз әдебиеті синонимдер мен антонимдерге өте бай. Бұл әдіс оқушылардың сөздік қорын тез арада еске түсіруге бағытталған. Сыныпты екі топқа бөліңіз. Тақтаға бір негізгі сөзді жазыңыз. Мысалы: *Әдемі*. Әр топ кезекпен осы сөздің синонимдерін айтуға керек. Қай топ соңғы сөзді айтса, сол жеңімпаз атанады. Сөздер тізбегі: *көрікті, сұлу, ажарлы, келбетті, шыр айлы, бейнелі, сымбатты*. «Керісінше» ойыны антонимдерге арналған ойын. Бұл ойын оқушыларды сергітіп, зейінін шоғырландыру үшін таптырмас әдіс. Мұғалім бір іс-қимылды немесе сын есімді айтады, ал оқушылар оған кері «антоним» әрекет жасауы немесе сөз айтуы тиіс. Мысалы:

Мұғалім: - «Отырлар!»

Оқушылар: «Тұрады»,

- «Оңға қараңдар!»

«Солға қарайды». т.б.

5-сыныпта антоним және синоним сөздерді оқыту оқушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың іргетасы болып табылады. Қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынұлының ұлттық танымға негізделген қағидалары мен Ш.Каримовтың әдістемелік тұжырымдары бұл тақырыптың тек теориялық емес, терең практикалық маңызы бар екенін дәлелдейді. Синоним мен антоним сөздерді жүйелі оқыту – оқушының пассив сөздік қорын актив қолданысқа шығарудың, сөйлеу мәдениетін арттырудың және ана тілінің байлығын сезіндірудің басты құралы. Бұл тақырыптарды жас ерекшелікке сай ойын элементтерімен және АКТ мүмкіндіктерімен ұштастыру білім сапасын арттырудың кепілі болмақ.

Инновациялық әдістерді жүйелі қолдану қазақ тілі сабақтарының тиімділігін 30-40 пайызға арттыратыны дәлелденіп, мұғалім тек ақпарат беруші ғана емес, оқушының шығармашылық әлеуетін ашушы бағыттаушы рөліне ауысады. Инновациялық әдістердің нәтижелі болуы үшін оларды сабақтың мақсатына сай іріктеп, цифрлық және дәстүрлі ресурстарды тепе-теңдікте ұстау ұсынылады. Жоғарыда аталып өткен инновациялық тәсілдерді антоним мен синоним тақырыптарын меңгеруде қолдану оқушылардың белсендігін арттырады. Сөздердің мағыналық айырмашылықтарын түсіну деңгейі жоғарылайды және шығарма жазу мен мазмұндама айтуда бір сөзді қайталау (тавтология) азаяды.

Инновациялық тәсілдерді қолдану 5-сынып оқушыларының тілдік құзыреттілігін арттырып қана қоймай, оларды өз бетінше ізденуге баулиды. Синонимдер мен антонимдер – тілдің бояуы. Егер оқушы бұл бояуларды орынды қолдана білсе, оның сөйлеу мәдениеті де жоғары болады.

Әдебиет:

1. Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл – құрал. – Алматы: Сардар, 2009. - 348 б.

2. Каримов Ш. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Лексика бөлімі. – Алматы: Рауан, 1992. – 215 б.
3. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2015. – 208 б.

Такенова А.А., Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А.Букетова, факультет философии и психологии, гр. М2-Ф-25-2р, магистрант
(*Научный руководитель - доктор философии (PhD), ассистент-профессор Жусупова Б.Ж.*)

ЧЕЛОВЕК В ЦИФРОВОМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ: ЛИЧНОСТЬ ИЛИ ПРОФИЛЬ? (ФИЛОСОФСКИЙ АНАЛИЗ)

Цифровизация образования в XXI веке выступает одним из ключевых факторов трансформации образовательного пространства в сторону его большей эффективности, доступности, увеличения информативности, автономизации. Расширение цифровых платформ и систем мониторинга приводит к изменению форм репрезентации субъекта образования, где обучающийся всё чаще предстает не как целостная личность, а как совокупность цифровых следов, формирующих его профиль [1, с. 45]. Происходит качественное изменение самой логики понимания субъекта в образовательной системе. Если в классической гуманистической традиции образование ориентировалось на создание целостной личности, обладающей свободой, в том числе внутренней, ценностными установками и способностью к рефлексии, то в условиях цифровизации приоритет неминуемо смещается в сторону фиксации и анализа измеряемых показателей. Однако при этом цифровые технологии могут расширять возможности для индивидуального обучения и гибких образовательных траекторий, рассматривая обучающегося прежде всего как личность, а не как набор данных. Вопрос в том, как этого добиться.

Цифровой профиль становится инструментом систематизации данных об успеваемости, активности и компетенциях, рейтингах обучающегося. При этом сам процесс обучения всё чаще сопровождается алгоритмической оценкой, рейтинговыми системами и аналитикой на «автомате», что усиливает тенденцию к стандартизации образовательных траекторий. В результате субъект образования оказывается включённым в пространство постоянной цифровой видимости, где значимость приобретают не столько внутренние образовательные смыслы, сколько их внешне фиксируемые индикаторы.

Подобная трансформация меняет не только способы управления образованием, но и характер самовосприятия обучающегося. Ориентация на цифровые показатели формирует установку на соответствие алгоритмически заданным критериям успешности. Тем самым образовательная деятельность всё чаще соотносится с логикой эффективности и продуктивности, а не с процессом личностного становления. Согласно Б. Е. Колумбаеву, в таких условиях человек рискует оказаться в «электронном капкане», где живое время подменяется информационными потоками, а сам субъект сводится к «точке приложения внешних сил» [2, с. 26]. Это ведет к «уплощенности» отношений вместо глубины общения, превращая статус обучающегося в носителя измеряемых параметров - успеваемости и компетенций [3, с. 44]. С одной стороны, в образовании нужно использовать современные средства, быть на уровне современности. Это и есть «язык современности», т.е. информация. Это не значит отвергать современные требования образовательному процессу. Необходимо готовить специалистов, которые могут быть востребованы временем. Но что же тогда может быть актуально в образовании? От чего же отправляться в самом образовании, чтобы оно тяготело в сторону акмеологии, развитию творческих способностей? И какова все-таки при этом роль наставника? [2, с. 49].

«Цифровизация образовательного процесса неизбежно ведет к изменению статуса субъекта обучения. Как указывает А. Н. Нысанбаев, в условиях технологической рационализации человек всё чаще включается в систему не как целостная личность, а как носитель измеряемых параметров - академической успеваемости, цифровой активности, рейтинговых показателей и компетенций [4, 308, с. 360]. Такая объективация приводит к тому, что обучающийся предстает как совокупность данных и цифровых следов, формирующих его профиль, что вытесняет его уникальную идентичность [4, 308; 309]». Тем самым, образовательная система начинает функционировать по логике управляемости и прогнозируемости, где ценность субъекта определяется степенью его соответствия установленным цифровым критериям. Индивидуальные особенности, мировоззрение, субъективные установки и личностные мотивационные структуры смещаются к вторичным по отношению к количественно фиксируемым показателям.

Подобная трансформация усиливает разрыв между понятием личности как носителя духовно-нравственного содержания и профилем как инструментально оформленной моделью субъекта. Личность предполагает целостность, автономию и способность к самоопределению, нежели профиль, который выступает как структурированный массив данных, предназначенный для анализа, сопоставления и управления. Как итог, субъект образования постепенно смещается из пространства внутреннего становления в пространство внешней оценочной видимости.

Особое значение в данном контексте приобретает понятие «профиля» как формы цифровой репрезентации субъекта образования. Цифровой профиль выступает как структурированный массив данных об учебных достижениях и поведенческих характеристиках обучающегося. В условиях цифровизации профиль перестаёт быть нейтральным инструментом фиксации образовательных результатов и начинает активно влиять на образовательную траекторию субъекта. Формализованные показатели определяют